



**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР. ГАНЗЕЯ.
ГЕРМАНДЫҚ КЕДЕН ОДАҒЫ.**

МП-51К

Турсынғали Сымбат

ГАНЗЕЯ

- Ганзей одағы, Любек Ганзасы, Неміс Ганзасы – синоним сөздер және бір бірлесудің атын білдіреді. “Ганза” сөзі неміс “Hanse” – бірігу сөзінен шыққан.
 - XIII-XVII ғасырларда бірлестік Германия азаматтарының тұрғын қалалары мен еркін қалалардың бірлестігін құрады. Ганзей одағы көпестерді феодалдардың билігінен, пираттар озбырлығынан қорғау мақсатында құрылған болатын.



- Ганза XII ғасырда көпестердің одағы ретінде құрылды, кейін көпестер гильдиясы болып, XIII ғасырда – қалалар одағы болып құрылды. Ганза туралы алғашқы жазбалар 1358 жылдан пайда бола бастады.
- Келесі жүзжылдық ішінде неміс қалалары Балтық теңізінде үстем жағдайға ие болды, ал Любек қаласы, Балтық және Солтүстік теңіздері бойындағы мемлекеттерді байланыстырған теңіз саудасының орталығына айналды.
- Түрлі уақыт кезеңдерінде Ганзей Одағының мүшелері болып, негізінде, Балтық және Солтүстік теңіздерінің бассейнінде орналасқан 200-ден астам үлкен және кіші қалалар болды. Бұрын Ганзей одағының мүшелері болған қалаларға мыналар жатады: Берлин, Брандебург, Бремен, Висмар, Гамбург, Кельн, Киль, Вроцлав, Дортмунд, Кенигсберг (Калининград), Мемель (Клайпеда), Любек, Краков, Рига, Магдебург, Мюнстер, Росток, Ревель (Таллин) және т.б.



- Ортақ ережелер мен заңдарды шығару үшін Ганзей одағы қалаларының өкілдері Любекте съезде жиналып тұрды.
- Ганзаның филиалдары мен өкілдіктері, сонымен қатар, ганзеялық емес қалаларда да болды. Олардың негізгілеріне Лондон, Брюгге, Берген, Новгородты жатқызуға болады. Танымал кеңселер Копенгагенде, Стокгольмде және Ковнода (Каунас) да болды.
- Қызығы – қазіргі уақытта да Любек, Гамбург, Бремен, Росток, Висмар, Штральзунд, Аklam, Грайсвальд және Деммин өзінің ресми жазбаларында “ганзей қаласы” титулын сақтап қалған. Мысалы, Freie und Hansestadt Bremen – Бремен ганзей еркін қаласы дегенді білдіреді.



ГЕРМАНДЫҚ КЕДЕН ОДАҒЫ

- Германдық Кеден Одағы (нем. Deutscher Zollverein) – неміс мемлекеттерінің көбісінің арасындағы кедергілерді жоюға, ал шекаралар территориясында алынған алымдардан ортақ қасса жасап, табыстарды тұрғындар санына сәйкес қатысушылардың арасында бөлуге келісіп құрылған одағы болды.



ТАРИХЫ

- Наполеон соғысының бітісімен құрылған Герман одағы Германияның экономикалық және кедендік бірлестігі жқніндегі мәселелерді шешпеді. 1815 жылғы Одақ актісінде “Одақ мүшелері Майндағы Франкфуртте өтетін Одақ сеймасының бірінші отырысында сауда және транспорттық хабарламаларды талқылау құқығын иеленеді” делінгенмен де, не бірінші, не соңғы отырыста бұл сұрақ шешімін таппаған.
- Бұл жағдайда 1818 жылы Пруссия Пруссия корольдігінің ішіндегі барлық кедендік шекараларды жойған және оның барлық провинциялары арасында еркін жүруге болатынын жариялаған жаңа кедендік заң қабылдады. Бұл заң, сонымен қатар, пруссиялық тауарларға қорғаушы кедендік тариф орнатты.
- 1819 жылының өзінде герман үкіметтерінің Вена Конференциясында Пруссия делегаттары пруссиялық кедендік заңды бүкіл Одаққа тарату бастамамен шықты. Бұл ұсыныста өзінің егеменді құқықтарына қауіп-қатердің туындауы мүмкіндігін байқаған Австрия үкіметінің өткір реакциясы басқа герман үкіметтері арасынан да қолдау таппаған бұл ұсынысты құлдратты.

- Дегенмен, Пруссия 1819-1830 жылдар аралығында кішкентай неміс үкіметтерімен бірнеше келісімдер жасасты (Шварцбург-Зондерсхаузен және Шварцбург-Рудольштадт, Саксен-Веймар-Эйзенах, Липпе-Детмольд, Ангальт, Мекленбург,-Шверин, Саксен-Кобург-Гота). Осыған орай көрсетілген мемлекеттер мен Пруссия арасындағы ішкі сауда қарым-қатынастарында кез келген алымдардан босатылды, ал Гессен-Дармштадпен келісімшартта соған қоса, толық кедендік бірігу болуы керек болды.
- 1828 жылдың 18 қаңтарына Бавария мен Вюртемберг арасында Оңтүстік Германдық Кедендік Одақ деп аталған кедендік бірлестік құрған келісімшартқа отырды.
- Ушінші одақ (Саксония, Ганновер, Гессен-Касселем, тюрингендік гецогстволардың көбісі, Брауншвейг ер, Ольденберг, Майндағы Франкфурт арасында) 1828 жылдың 24 қыркүйегінде Ортагермандық Сауда Одағы деген атпен құрылып, кейін құлады.



- 1834 жылдың 1 қаңтарында 8 жылға үлкен Пруссиялық-Германдық кедендік одақ құрылды. Оған басында 18 мемлекет кірді, аумағы 719 км², 23 млн тұрғыны болды. Кейін оған басқа да көптеген неміс мемлекеттер қосылды.
- 1842 жылғы бірінші келіссөз аралығы біткеннен кейін одақтың 12 жылға жаңартылуы тек ұзақ келіссөздер мен қиыншылықтардан кейін іске аса алды. Екінші келіссөз аралығы 1848 жылға сәйкес келеді.
- 1866 жылғы соғыс Герман кеден одағын талқандады. Ал 1871 жылы Герман империясының құрылысымен, мүлде, түпкілікті империяға сіңіп кетті.

